

**«АСТАНА-АЙМАҚТЫҚ ЭЛЕКТРЖЕЛІЛІК КОМПАНИЯСЫ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
(«Астана-АЭК» АҚ)**

**«Астана-АЭК» АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
БЕКІТІЛДІ
№23-3 хаттама
«10» наурыз 2023 жыл**

**«Астана-Аймақтық Электржелілік Компаниясы» АҚ
ІСКЕРЛІК ЭТИКА КОДЕКСІ**

Астана қаласы

МАЗМҰНЫ:

	Кіріспе	3
1-тарау.	Іскерлік этиканың құндылықтары мен қағидаттары	4
2-тарау.	Іскерлік қарым-қатынастардың этикалық нормалары	7
	2.1. Лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлер	7
	2.2. Жалғыз акционер	11
	2.3. Мемлекеттік органдар	11
	2.4. Іскерлік серіктестер	12
	2.5. Қоғам	12
3-тарау.	Жауапкершілік	12
	Қорытынды	13

Кодекс миссиясы

Іскерлік этика кодексі «Астана-АЭК» АҚ дамыту және Қазақстан Республикасы заңнамасының этикалық нормалары мен нормаларын ұстану негізінде мүдделі тұлғалармен тиімді өзара іс-қимылдың басқарушы құралы болып табылады.

Кодекстің сенімді беделге ие болу бойынша маңызды құрамдас бөлігі – сенім атмосферасын құру және бірыңғай стратегияны жүзеге асыру.

Осы мақсатта «Астана-АЭК» АҚ, «Астана-АЭК» АҚ-да жұмыс істеп, онда табысқа қол жеткізгісі келетін жоғары білікті және жауапты жұмыскерлерді; «Астана-АЭК» АҚ корпоративтік ережелері мен рухының негізгі қағидаттары жақын және түсінікті және де корпоративтік құндылықтарға, дәстүрге, стильге, қалыптасқан қатынастарға ортақтастық атмосферасын құруға қабілетті жұмыскерлерді бекіту және тарту саясатын жүргізеді. «Астана-АЭК» АҚ имиджін және жоғары іскерлік беделін қолдауға міндетті іскерлік қарым-қатынас стилі мен жұмыскерлердің сыртқы келбеті ықпал етеді.

Біздің көзқарасымыз

Іскерлік этика кодексі - бұл «Астана-АЭК» АҚ-да қалыптасқан корпоративтік қатынастардың барлық қатысушылары үшін ортақ мінез-құлық нормалары мен әдет-ғұрыптар, оларды ұстану «Астана-АЭК» АҚ-ның стратегиялық мақсаттары мен міндеттерін іске асыру және жұмыс істеуі үшін барабар орта қалыптастыруға ықпал етеді.

«Астана-АЭК» АҚ Іскерлік этика кодексі корпоративтік басқару процесінің тиімділігін арттыруға ықпал етеді және мүдделі тұлғалармен табысты өзара іс-қимыл жасауға жәрдемдеседі.

Кіріспе

Осы Кодекстің мақсаты «Астана-АЭК» АҚ Жарғысында және басқа да ішкі құжаттарында белгіленген стратегиялық мақсаттар мен міндеттерді іске асыру үшін қажетті корпоративтік басқарудың жоғары деңгейін, кәсіби және іскерлік этиканы қамтамасыз ету болып табылады.

Кодексте келесі ұғымдар мен терминдер пайдаланылады:

1) **Іскерлік этикасы** - бұл «Астана-АЭК» АҚ корпоративтік қатынастарының барлық қатысушылары өз қызметінде басшылыққа алатын іскерлік қарым-қатынастың этикалық қағидаттары мен нормаларының жиынтығы;

2) **Лауазымды тұлғалар** – «Астана-АЭК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері, Басқарма мүшелері;

3) **Жалғыз акционер** – «Астана қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ;

4) **Мүдделі тұлға** – құқығының жүзеге асырылуы заңнама мен Жарғыда көзделген, «Астана-АЭК» АҚ қызметімен байланысты тұлға;

5) **Кодекс** – Іскерлік этика кодексі;

6) **Мүдделер қақтығысы** – «Астана-АЭК» АҚ корпоративтік қарым-қатынас қатысушысының жеке мүдделілігі лауазымдық міндеттерін қалтқысыз орындауына әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін жағдай;

7) **Корпоративтік мәдениет** – «Астана-АЭК» АҚ-ға тән құндылықтар, қағидаттар, мінез-құлық және қарым-қатынас нормалары;

8) **«Астана-АЭК» АҚ** – «Астана-Аймақтық Электржелілік Компаниясы» акционерлік қоғамы.

9) **Жұмыскер** – «Астана-АЭК» АҚ-мен еңбек қатынастарында тұратын және еңбек шарты бойынша жұмысты тікелей орындайтын жеке тұлға;

10) **Жарғы** – «Астана-АК» АҚ Жарғысы;

11) **Корпоративтік қатынастардың қатысушысы** – «Астана-АЭК» АҚ-ның лауазымды тұлғалары, жұмыскерлері, мүдделі тұлғалар.

12) **Тәртіптік комиссия** - теріс қылыққа қатысты фактілерді жүргізілген тексеру материалдарын қарау, зерттеу және жазалау шарасы туралы ұсынымдар шығару үшін құрылған, тұрақты жұмыс істейтін алқалы орган. Комиссияның функционалдық бөлігі жеке сипаттағы - жұмыскерлердің теріс қылықтары мәселелерін қарауға қолданылады.

«Астана-АЭК» АҚ лауазымды тұлғалармен, жұмыскерлермен және мүдделі тұлғалармен қарым-қатынастарда, стратегиялық маңызды, сондай-ақ күнделікті жағдайларда лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлер кезігетін іскерлік шешімдерді қабылдау үшін осы Кодекстің ережелерін қабылдайды және ұстанады.

Осы Кодексте баяндалған ережелерді «Астана-АЭК» АҚ барлық жұмыскерлері сақтауы тиіс.

1-тарау. Іскерлік этика құндылықтары мен қағидаттары

1. Осы Іскерлік этика кодексі (бұдан әрі - Кодекс) Қазақстан Республикасы заңнамасының ережелеріне, «Астана-АЭК» АҚ (бұдан әрі- Қоғам) корпоративтік басқару кодексіне сәйкес әзірленді және іскерлік этиканың негізгі құндылықтары мен қағидаттарын, іскерлік қарым-қатынастардың этикалық нормаларын белгілейді.

2. Қоғамның кез келген жұмыскері, оның лауазымына, жұмыс орнына және атқаратын қызметтік функцияларына қарамастан, басшылыққа алуға тиіс негізгі қағидат - жұмыскердің жеке басына деген құрмет. Жеке басты құрметтеу қағидатын өзара сақтау Қоғам үшін (лауазымды адамдар) жұмыскерлерге қатысты сияқты, жұмыскерлер үшін де Қоғамға және Қоғам персоналының барлық басқа да адамдарына қатысты тең шамада міндетті.

3. Қоғам барлық жұмыскерлерге еңбек қызметі процесінде жеке тұлғаның өзін-өзі танытуы үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді.

4. Қоғамға және жекелеген лауазымды тұлғаларға персоналға қатысты тыйым салынады:

1) жұмыскерлерді кемсітудің кез келген түріне, соның ішінде кадрларды іріктеу, қызметте жоғарылату, персоналды жұмыстан босатуға, кез келген белгілер бойынша; кадрларды іріктеу мен жоғарылату тек кәсіби қабілеттер, білім мен дағдылар негізінде жүргізілуі тиіс, бұл ретте Жұмыс беруші барлық жұмыскерлерге бейтарап және әділ көзқарасты қамтамасыз етуге міндетті;

2) Компанияда қабылданған еңбекақы төлеу жүйелері мен әлеуметтік сипаттағы шараларға сәйкес, осы жеңілдіктер мен артықшылықтарды алу үшін Қоғамның тең мүмкіндіктерін міндетті түрде қамтамасыз ете отырып заңды негізде болмаса, жеке жұмыскерлерге тамыр-таныстық, артықшылықтар мен жеңілдіктердің кез-келген түрлеріне.

5. Жұмыс беруші барлық жұмыскерлерден өздерінің еңбек қызметі процесінде іскерлік қарым-қатынастың ең жоғары нормаларын басшылыққа алуын талап етуге құқылы:

1) іскерлік ортада Қоғамның іскерлік беделі мен имиджін қолдау;

2) басқа кәсіпорындар мен ұйымдардың жұмыскерлерімен қарым-қатынаста, оның ішінде шарттар жасасу және орындау кезінде адал, әдепті және әділ әрекет ету; жеке кәсіпорын немесе ұйым немесе олардың жұмыскерлері үшін артықшылықтар мен жеңілдіктерді қамтамасыз ететін қолдау немесе басқа шара ретінде қарастырылуы немесе түсіндірілуі мүмкін кез келген әрекеттерден аулақ болу;

3) алынған ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету; бұл ақпаратты ешқашан жеке пайда немесе үшінші тұлғалардың мүддесі үшін пайдаланбау;

4) егер бұл Қоғамның коммерциялық мүдделеріне нұқсан келтіруі немесе оның іскерлік беделіне немесе бетбеделіне нұқсан келтіруі мүмкін болса, үшінші тұлғалармен ешқашан тікелей, жанама да коммерциялық қатынастарға түспеу;

5) Қоғам жүргізіп отырған стратегия мен тактикаға, сондай-ақ Жұмыс беруші қабылдайтын шешімдерге сенім білдіру негізінде әрекет ету.

6. Барлық жұмыскерлер еңбек қызметі процесінде:

1) Қоғамның ортақ мүдделері мен Қоғамның барлық жұмыскерлерінің ортақтығы (бірлігі) туралы қамқорлыққа сүйенуге;

2) корпоративтік мәдениетті және корпоративтік құндылықтарды қолдауға;

3) Қоғамда қабылданған іскерлік қарым-қатынастың танылған нормаларынан ауытқуға жол бермеуге, өзін дұрыс, лайықты ұстауға міндетті.

7. Жұмыс беруші өз жұмыскерлерінің жеке (жекеше) өміріне қандай да бір араласуға жол бермеуге, құрметтеуге міндетті.

8. «Астана-АЭЖ» АҚ-ның қызметі қалыптасатын негіз қалаушы корпоративтік құндылықтар, оның жұмыскерлерінің әдептілігі, сенімділігі және кәсібилігі, олардың еңбек тиімділігі, өзара көмек, бір-біріне, мүдделі тұлғаларға және жалпы қоғамға құрмет болып табылады.

9. Әрбір жұмыскер жоғары стандарттар мен жалпыадамзаттық құндылықтарға сәйкес мінез-құлықты сақтаған жағдайда ұзақ уақыт бойы жұмыстың оң нәтижелерін қамтамасыз етуге болады.

10. «Астана-АЭК» АҚ іскерлік этиканың келесі қағидаттарын басшылыққа алады:

1) құзыреттілік және кәсібилік

Бірінші кезекте, «Астана-АЭК» АҚ жұмысының нәтижесі кәсіби тұрғыдан мінсіз болуы тиіс. «Астана-АЭК» АҚ лауазымды тұлғалары, Жұмыскерлері сапалы білім, жұмыс тәжірибесіне ие болып, салмақты және жауапты шешімдер қабылдай білуі тиіс. «Астана-АЭК» АҚ кәсіби білім мен дағдылар деңгейін арттыру аясында жағдай жасау, кәсіпқойлық деңгейін арттыруға бағытталған Жұмыскердің кәсіби, шығармашылық қабілеттерін іске асыру, мансаптық өсу перспективасына есептелген әлеуетті дамыту міндетін қойып отыр. «Астана-АЭК» АҚ өз жұмыскерлері мен олардың жұмысында:

«Астана-АЭК» АҚ стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге бағдарлануды;

өз қызметіндегі кәсіпқойлық және өзінің кәсіби деңгейін арттыруға ұмтылуды;

лауазымдық міндеттерді орындау кезіндегі бастамашылдық және белсенділікті;

тәртіптілік және жауапкершілікті;

жұмыскерлер арасында өзара қолдау көрсетуді, «Астана-АЭК» АҚ жас мамандарына көмек көрсетуді және кәсіпорын ардагерлеріне құрмет көрсетуді бағалайды.

2) адалдық пен алалықсыздық

Адалдық пен алалықсыздық – «Астана-АЭК» АҚ қызметінің және іскерлік беделінің іргелі негізі. «Астана-АЭК» АҚ жеке мүдделер мен кәсіби қызмет арасындағы қақтығысқа жол бермейді. Алдау, үндемеу және жалған мәлімдемелер «Астана-АЭК» АҚ лауазымды тұлғасының, жұмыскерінің мәртебесімен сәйкес келмейді.

3) жауапкершілік

Жауапкершілік – «Астана-АЭК» АҚ қызметінің сапа кепілдігі. «Астана-АЭК» АҚ заңнама, шарттық қатынастар, іскерлік айналым дәстүрлері және моральдық-адамгершілік қағидаттарының талаптарында белгіленген міндеттемелер бойынша жауапты болады. Осылайша, «Астана-АЭК» АҚ мемлекет пен қоғам алдындағы өзінің әлеуметтік жауапкершілігін түсінеді.

4) ашықтық

«Астана-АЭК» АҚ Қоғам, қызметтер және жетістіктер, қызмет нәтижелері туралы ақпараттың барынша ашықтығы мен сенімділігіне ұмтылады. «Астана-АЭК» АҚ Жалғыз акционер мен серіктестерді істің жай-күйі туралы уақтылы хабардар етуге, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік пен есепке алу сапасын жақсарту негізінде ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігін арттыруға тырысады. Сонымен

қатар «Астана-АЭК» АҚ коммерциялық (қызметтік) және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпарат пен мәліметтердің жария етілмеуін қадағалайды.

5) адамның жеке басын құрметтеу

«Астана-АЭК» АҚ жұмыскерлері мен серіктестері нәсіліне, тіліне, саяси және діни сенімдеріне, жынысына, ұлттық және мәдени ерекшеліктеріне қарамастан әділ қарым-қатынасқа құқылы.

11. «Астана-АЭК» АҚ корпоративтік қатынастардың барлық қатысушылары іскерлік этика қағидаттарын сақтайтындығына сенеді.

12. «Астана-АЭК» АҚ өз қызметін жүзеге асыру кезінде:

1) Қазақстан Республикасы заңнамасының, Жалғыз акционер, Директорлар кеңесі мен мемлекеттік органдар актілерінің, «Астана-АЭК» АҚ қызметіне қатысты өзге де құжаттардың нормаларын сақтайды;

2) адам құқықтарының сақталуын және құрметтелуін қамтамасыз етеді;

3) әділ және адал әрекет етеді, сыбайлас жемқорлық шараларын және ұқсас теріс іскерлік тәжірибені, сондай-ақ сыйлық беру және алу тәжірибесін қабылдамайды;

4) лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлерге әділ, құрметпен және этикалық нормаларды сақтай отырып қарайды;

5) оның мүдделі тұлғалармен қарым-қатынастарының өзара тиімді болуына ұмтылады;

6) қоршаған ортаға ұқыпты қарайды.

13. «Астана-АЭК» АҚ этикалық нормалары іскерлік қарым-қатынастардың келесі негізгі салаларын реттейді: «Астана-АЭК» АҚ корпоративтік қатынастарға қатысушылары мен жалғыз акционер, мемлекеттік органдар, лауазымды тұлғалар, жұмыскерлер, іскер серіктестер мен қоғам арасындағы қатынастар.

14. Жұмысты тиімді ұйымдастыру «Астана-АЭК» АҚ мен барлық мүдделі тұлғалар арасындағы өзара міндеттемелерге негізделген. Өзара міндеттемелерді сақтау – сындарлы жұмыстың қажетті шарты болып табылады.

2-тарау. Іскерлік қарым-қатынастардың этикалық нормалары

1. Лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлер

1.1. Лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлер жанжалдарды болдырмай, «Астана-АЭК» АҚ мен жалғыз акционердің мүддесі үшін кәсіби функцияларды тиісті қамқорлық және сақтықпен адал және ақылға қонымды орындау міндеттерін қабылдайды.

1.2. Өзіне қабылдаған міндеттемелер үшін жауапкершілік барлық лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлерге, олардың мәртебесі мен лауазымына қарамастан тең дәрежеде жүктеледі.

1.3. «Астана-АЭК» АҚ лауазымды тұлғалары, «Астана-АЭК» АҚ стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу мақсатында іскерлік этиканың негізгі құндылықтары мен қағидаттарын ескере отырып, іскерлік шешімдер

қабылдайды және олардың өзіне жүктелген міндеттерді іске асыру үшін толық жауап береді.

1.4. «Астана-АЭК» АҚ лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері жоғары кәсіби жұмыс үшін бар күш-жігерін салып, «Астана-АЭК» АҚ мүлкіне ұқыпты қарап, оны ұтымды және тиімді пайдалануы тиіс.

1.5. «Астана-АЭК» АҚ лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері жұмысқа деген қарым-қатынасы және мінез-құлқымен ұжымда тұрақты және жағымды жағдай жасауға ықпал етуі тиіс.

1.6. Лауазымдық міндеттерді орындау аясында жұмыскер немесе лауазымды тұлға жеке көзқарасын немесе жеке пайдасын емес, «Астана-АЭК» АҚ мүдделерін басшылыққа алуы тиіс. «Астана-АЭК» АҚ ресурстарын жеке пайда табу немесе қолдау, немесе үшінші тұлғалардың мүддесінде пайда табу үшін пайдалануға тыйым салынады. «Астана-АЭК» АҚ жұмыскеріне/лауазымды тұлғасына өзінің лауазымдық міндеттерін орындауға байланысты туыс тұлғалармен іскерлік қарым-қатынасқа түсуге тыйым салынады.

1.7. Лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлер кез келген іс жүзіндегі немесе осындай мүдделер қақтығысы ретінде қабылданатын қақтығыстардан аулақ болуға және өзіне (немесе өзімен байланысты адамдарға), не басқаларға қатысты жағдайларға, нақты немесе осындай мүдделер қақтығысы түрінде туындауы мүмкін жағдайларға жол бермеуге тиіс.

1.8. «Астана-АЭК» АҚ жұмысқа қабылдау кезінде заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, қандай да бір белгілер бойынша ешқандай кемсітушілікке жол берілмейді. Кадрларды іріктеу және жоғарылату тек кәсіби қабілеттер, білім мен дағдылар негізінде жүзеге асырылады.

1.9. «Астана-АЭК» АҚ, «Астана-АЭК» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес өздігінен білім алуға және кәсіби дамуға ұмтылатын жұмыскерлерді лайықты бағалай отырып, барлық деңгейдегі жұмыскерлердің біліктілігін арттыру үшін тең жағдай жасайды.

1.10. «Астана-АЭК» АҚ-да барлығына тең мүмкіндіктерді міндетті түрде қамтамасыз ете отырып, заңды негізден басқа, жекелеген лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлерге қандай да бір артықшылықтар мен жеңілдіктер беруге жол берілмейді.

1.11. Мүдделер қақтығысын болдырмау Жалғыз акционер мен «Астана-АЭК» АҚ мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету үшін маңызды шарт болып табылады.

1.12. «Астана-АЭК» АҚ жұмыскерлері өз қызметін жүзеге асыру барысында жалпы қабылданған этика, мораль және мінез-құлық нормаларын басшылыққа алуы тиіс.

1.13. «Астана-АЭК» АҚ лауазымды тұлғадан бастап шешім қабылдайтын кез келген жұмыскерге дейін осы процестің кез келген кезеңінде мүдделер қақтығысының туындауынан тәуелсіз шешімдердің қабылдануы үшін жауапты болады.

1.14. «Астана-АЭК» АҚ лауазымды тұлғаларының шешім қабылдауы ашықтық және барабарлық қағидаттарына негізделуі тиіс. Лауазымды

тұлғалар құпиялылық нормаларын бұзбай және Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің шешімдерін және «Астана-АЭК» АҚ ішкі құжаттарын ескере отырып, бір-біріне дұрыс ақпаратты уақтылы ұсынады.

1.15. Лауазымды тұлғалар Жалғыз акционерге/Директорлар кеңесіне «Астана-АЭК» АҚ-мен байланысты мәмілелерде, шарттарда, жобаларда немесе оның ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен өзге де мәселелерге байланысты кез келген коммерциялық немесе өзге (тікелей немесе жанама) мүдделілік туралы хабарлауға міндетті.

1.16. Лауазымды тұлғалар белгіленген тәртіпте «Астана-АЭК» АҚ Директорлар кеңесін басқа ұйымдарда жұмысты орындау және/немесе лауазымға орналасу туралы, тұрақты (негізгі) жұмыс орнын (қызметті, кәсіпкерлік қызметті және т.б.) өзгерту туралы уақтылы хабардар етуге міндетті.

1.17. Лауазымды тұлғалар «Астана-АЭК» АҚ Басқарма төрағасын/Директорлар кеңесінің төрағасын мүдделілік бар мәселелер жөнінде уақтылы хабардар етіп, оларды шешуде талқылауға және дауыс беруге қатыспауы тиіс.

1.18. «Астана-АЭК» АҚ лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері: өздерінің лауазымдық (лауазымдық) (функционалдық) міндеттерін атқару кезіндегі әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін, заңды және жеке тұлғалардан өз пайдасына не қандай да бір өзге тұлғаның пайдасына кез келген түрдегі сыйақы (ақша қаражаты, бағалы қағаздар, көрсетілетін қызметтер, жұмыстар, мүлік, мүлікке құқық немесе мүліктік сипаттағы пайда және т.б.) алуға құқығы жоқ.

1.19. «Астана-АЭК» АҚ лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері қызметтік жағдайларын және онымен байланысты мүмкіндіктерді қоғамдық және діни бірлестіктердің, басқа да коммерциялық емес ұйымдардың мүдделеріне, оның ішінде өзінің оларға көзқарасын насихаттау үшін пайдаланбауы тиіс.

«Астана-АЭК» АҚ лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері, конституциялық құрылысты күштеп құлатуға, мемлекеттің қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге немесе Қазақстан Республикасының аумақтық тұтастығына қол сұғуға шақыратын нәсілдік, ұлттық, рулық, әлеуметтік, тектік-топтық немесе діни төзбеушілікті немесе өзгешелікті жариялайтын немесе өмірде жүзеге асыратын, сондай-ақ экстремизмді немесе терроризмді жүзеге асыруына байланысты олардың қызметіне тыйым салу немесе тарату туралы заңды күшіне енген сот шешімі барларға қатысты, ұжымда өзінің діни көзқарасын көрсете алмайды, бағынысты қызметкерлерді қоғамдық және діни бірлестіктердің, басқа да коммерциялық емес ұйымдардың қызметіне қатысуға мәжбүрлей алмайды.

1.20. Лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлерге коммерциялық, қызметтік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны жария етуге, сондай-ақ ақпаратты жеке мақсатта пайдалануға тыйым салынады. Ол «Астана-АЭК» АҚ ішкі құжаттарымен реттеледі.

«Астана-АЭК» АҚ үй-жайларында жұмыс істеген кезде лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлер «Астана-АЭК» АҚ ішкі құжаттарында көзделген және «Астана-АЭК» АҚ қауіпсіздік режимі мен құпия ақпаратпен жұмыс істеуге байланысты ережелер мен рәсімдерді сақтауы тиіс.

1.21. «Астана-АЭК» АҚ лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері:

тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне немесе кез келген өзге жағдаяттарға қарамастан, адамның және азаматтың арнамысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

мемлекет рәміздер Елтаңба, Ту, Әнұранға құрметпен қарауға;

корпоративтік символикаға құрметпен қарауға;

жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтауға, мемлекеттік және басқа тілдерге, барлық халықтардың салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауға;

киімнің корпоративтік стилін сақтауға және сыртқы түрін қадағалауға (белгілі бір пішінді кию немесе іскерлік киімді еркін таңдауға);

еңбек және орындаушылық тәртіпті сақтауға;

сыпайы, әдепті, мейірімді және жайдары болуға;

немқұрайлылық пен дөрекілікке төзбеуге;

көмек көрсеткені үшін, тіпті егер ол толық көрсетілмесе де әрдайым алғыс айтуға;

басқалардың пікіріне мұқият болуға;

сөз бен істің бірлігін қамтамасыз етуге, уәделерді орындауға;

өз қателіктерін жасырмауға/мойындауға тиіс.

1.22. Лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлердің құқықтарын бұзуға әкелетін кез келген жағдай Қазақстан Республикасы заңнама нормаларына және «Астана-АЭК» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес қаралуы тиіс.

1.23. Іскерлік этика мәселелерін және/немесе іскерлік этика қағидаларын бұзу жағдайларын жұмыскерлерге тікелей басшымен талқылауға болады. Егер талқылау нәтижелері бойынша қолайлы шешім табылмаса, онда тиісті проблема туралы ұсынымдар алу және/немесе тиісті шаралар қабылдау үшін Басқарма төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына, Басқарма төрағасына хабарлау керек.

1.24. Кодекстің ережелеріне қатысты мәселелер және/немесе жұмыс барысында туындаған этикалық мәселелер бойынша, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық және басқа да құқыққа қайшы әрекет фактілері бойынша «Астана-АЭК» АҚ лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері тиісті шара қабылдау үшін Басқарма төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына, Басқарма төрағасына, комплаенс-офицерге жүгінуге құқылы. Бұл ретте мұндай өтініш жасалған жағдайда жұмыскердің құқықтарына нұқсан келтірмеуге тиіс.

1.25. Жұмыс орнында қалыптасқан жағдайды шешу кезінде «Астана-АЭК» АҚ тексерілген фактілер мен сенімді ақпаратты басшылыққа алады.

1.26. «Астана-АЭК» АҚ корпоративтік мәдениет жағдайы және «Астана-АЭК» АҚ жұмыскерлерінің іскерлік этикасы деңгейі тақырыбына

мониторингті жүзеге асырады, зерттеулер/сауалнамалар жүргізеді.

2. Жалғыз акционер

2.1. Жалғыз акционердің пайымы «Астана-АЭК» АҚ даму стратегиясының өзегі болып табылады, оны әзірлеуге және іске асыруға «Астана-АЭК» АҚ жауапты болады.

2.2. Жалғыз акционермен өзара қарым-қатынас жүйесі Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, «Астана-АЭК» АҚ Жарғысы мен ішкі құжаттарына, сондай-ақ Корпоративтік басқару кодексінің ережелеріне сәйкес ашықтық, есептілік және жауапкершілік қағидаттарына негізделген. «Астана-АЭК» АҚ өзінің Жалғыз акционерімен өзара қарым-қатынасына қатысты нақты рәсімдерді белгілейді.

2.3. «Астана-АЭК» АҚ мен Жалғыз акционер арасында ақпарат алмасу тәртібі заңнамамен, Жарғымен және «Астана-АЭК» АҚ ішкі құжаттарымен реттеледі.

3. Мемлекеттік органдар

3.1. «Астана-АЭК» АҚ-ның мемлекеттік органдармен өзара іс-әрекетті Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, «Астана-АЭК» АҚ Жарғысы мен ішкі құжаттарына, сондай-ақ Корпоративтік басқару кодексінің ережелеріне сәйкес, тараптардың тәуелсіздігі негізінде жүзеге асырады. «Астана-АЭК» АҚ мемлекеттік органдардың шешімдеріне ықпал ету әрекетіне жол бермейді.

3.2. «Астана-АЭК» АҚ мемлекеттік органдар тарапынан, сондай-ақ «Астана-АЭК» АҚ лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері тарапынан сыбайлас жемқорлық және басқа да заңсыз әрекеттерді болдырмау үшін барлық күш-жігерін салатын болады.

4. Іскер серіктестер

4.1. «Астана-АЭК» АҚ іскерлік серіктестермен өзара тиімділік, ашықтық және шарт талаптарына сәйкес өзіне қабылдаған міндеттемелер үшін толық жауапкершілік қағидаттарында өзара іс-қимыл жасайды.

4.2. «Астана-АЭК» АҚ іскер серіктестермен келісімшарт/шарт талаптарын сақтайды және оларға қатысты өз міндеттемелерін орындайды.

4.3. «Астана-АЭК» АҚ Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу саласындағы қолданыстағы заңнамасына сәйкес тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді жеткізушілерді таңдайды.

4.4. «Астана-АЭК» АҚ өз қызметінде іскер серіктестерге негізсіз жеңілдіктер мен артықшылықтар беруге жол бермейді.

5. Қоғам

5.1. «Астана-АЭК» АҚ өзінің Қоғам алдындағы әлеуметтік жауапкершілігін сезінеді.

5.2. «Астана-АЭК» АҚ әлеуметтік маңызды мәселелерді шешуге оң ықпал етуге ұмтылады.

5.3. «Астана-АЭК» АҚ қоғамға қызмет етуге ұмтылады, оқу мен білім деңгейін арттыруға бағытталған бағдарламаларды және басқа да әлеуметтік бағдарламаларды қолдайды.

5.4. «Астана-АЭК» АҚ өзін-өзі жұмыс істейтін және құрмет, сенім, адалдық пен әділдік қағидаттарына негізделген берік қарым-қатынастар орнатуға тырысатын қоғамдық ортаның ажырамас бөлігі ретінде қарастырады.

5.5. «Астана-АЭК» АҚ бекітілген жоспарларға сәйкес жаңа жұмыс орындарын құруға және жұмыскерлердің кәсіби біліктілігін арттыруға тырысады.

5.6. «Астана-АЭК» АҚ қоғамдық қарым-қатынастарды жетілдіру, қоршаған ортаны жақсарту және өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ұйымдармен (қоғамдық, үкіметтік емес және басқалар) сындарлы қарым-қатынас орнатуға ұмтылады.

5.7. «Астана-АЭК» АҚ өзіне беделі күмәнді заңды және жеке тұлғалармен ынтымақтастықтан бас тартуға міндеттеме алады.

5.8. «Астана-АЭК» АҚ экология және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бастамаларды қолдайды.

3-тарау. Жауапкершілік

1. Әрбір жұмыскер өзінің қарым-қатынасы аясында этикалық мінез-құлық нормаларын сақтау үшін жауап береді.

2. Осы Кодекстің нормаларын сақтау «Астана-АЭК» АҚ барлық лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері үшін міндетті болып табылады.

3. Осы Кодекстің нормаларын бұзу заңнамада белгіленген тәртіппен тәртіптік жауаптылыққа әкеп соғады.

4. Басшыға немесе жұмыскерге жала жабу мақсатында лауазымды тұлғалар мен жұмыскердің өтініштерін болдырмау аясында өтініштерді қарау мәселелерінде, шағым келіп түскен адамдарға кінәсіздік презумпциясы қағидаттары қолданылуы тиіс.

5. Жала жабу дерегі расталған жағдайда, жала жапқан жұмыскерге немесе лауазымды тұлғаға тиісті тәртіптік жаза қолданылуы тиіс.

6. Кодексті бұзғаны үшін жауапкершілікті жұмыс беруші белгілейді. Осы мәселелерді тәртіптік комиссияда қарау аясында жауапкершілік шарасы комиссияның шешімімен белгіленеді. Тәртіптік комиссияның шешімі жұмыс беруші үшін ұсынымдық сипатта болады.

Қорытынды

1. Мүдделі тұлғалар корпоративтік хатшы арқылы Директорлар кеңесіне Басқарма мүшелерінің заңсыз және әдепке жат іс-әрекеттері туралы хабарлауға құқылы және мұндай хабар болған жағдайда олардың құқықтарына қысым жасалмауға тиіс.

2. Директорлар кеңесі осы Кодекстің ережелерін мерзімді қайта қарайды және жетілдіреді, олардың іс жүзінде қаншалықты іске асырылып

жатқанын талдайды, сондай-ақ қажет болған кезде оған өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізеді.